

2010 жылғы қаңтар-наурыз айларында аудан көлемінде әскери есепке алу бөлімшесіне 1993 жылы туған азаматтарды тіркеу туралы

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің 2009 жылғы 25 қарашадағы N 19 шешімі. Жылыой аудандық әділет департаментінде 2009 жылғы 20 желтоқсанда N 4-2-135 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 13 тармағы және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабы 3 тармағына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1993 жылы туған азаматтарды және түрлі себептермен тіркелмеген жасы үлкен азаматтарды әскери есепке алу бөлімшесіне тіркеу ұйымдастырылсын.

2. Азаматтарды әскери есепке тіркеу жөніндегі комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды әскери есепке алу Атырау облысы Жылыой ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің (келісім бойынша) шақыру пунктінде өткізу ұсынылсын.

4. Жылыой аудандық орталық ауруханасына (келісім бойынша):

1) аудандық дәрігерлік комиссия құрамында ауыстыру мүмкіндігін қарастырып, тиісті дайындығы бар тәжірибелі жоғары білімді медицина қызметкерлерінің, сонымен бірге есепке тіркелушілердің қан және зәр құрамын айыруға, кеуде органдарын рентгенологиялық зерттеу, жүрек соғысын бақылау электрокардиограмма (ЭКГ) үшін емдеу-профилактикалық мекемелерден қажетті мөлшерде орын бөлу;

2) аудандық шақыру пунктін қажетті дәрі-дәрмектермен, дәрігерлік құрал-жабдықтармен, мүліктермен қамтамасыз етілуін бақылауға алу;

3) комиссия өту барысында анықталған дімкес жастармен 2010 жылдың 1-ші сәуіріне дейін емдеу-сауықтыру мекемелерінен қажетті орындар бөлу;

4) қайталап тексеруді акт жасақтау арқылы Атырау облысы Жылыой ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің (келісім бойынша) белгіленген мерзімінде өткізу ұсынылсын.

5. Жылыой ауданы білім беру бөлімі Атырау облысы Жылыой ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде (келісім бойынша) оқушыларды дәрігерлік тексеруден өткізсін және жауапты адамдармен бірге әскери есепке тіркеу бөлімшесіне ұйымдастырылған түрде әкелу ұсынылсын.

6. Барлық поселкелік және селолық округ әкімдері жасөспірімдерді тұрғылықты жерінен әскери есепке тіркеу бөлімшесіне дейін және кейін қарай жеткізу үшін жабдықталған автокөліктермен қамтамасыз етсін.

7. Жылыой аудандық ішкі істер бөліміне (келісім бойынша) шақыру бөлімшесіне қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етіп, бой тасалап жүрген жасөспірімдерді іздестіруді ұйымдастыру ұсынылсын.

8. Атырау облысы Жылыой ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне (келісім бойынша) 2010 жылдың 1-қаңтарынан 31 наурызына дейін 2-қосымшаға сәйкес техникалық қызметкерлер бөліну ұсынылсын.

9. Атырау облысы Жылыой ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне (келісім бойынша) :

1) 1993 жылы туған азаматтарды тіркеу жұмысының жүру барысын аудан басшылығына хабарлау ;

2) 2010 жылдың сәуір айында аудандық әкімиятқа жасөспірімдердің шақыру бөлімшесіне тіркеу жұмысының қорытындысы және оларды әскери қызметке дайындау шаралары жөнінде хабарлама беру ұсынылсын.

10. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

11. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Сағиевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Р. Нұғманов

Келісілді:

Атырау облысы ішкі істер Атырау облысы денсаулық сақтау
департаменті Жылыой ауданының департаментінің Жылыой аудандық
ішкі істер бөлімінің бастығы орталық ауруханасының бас дәрігері
" " 2009ж. " " 2009ж.
Н. Оразбаев Т. Қыдырбаев

Атырау облысы Жылыой ауданының "ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру"
қорғаныс істері жөніндегі бөлім акционерлік қоғамының
бастығы "Жылыоймұнайгаз" мұнай газ
" " 2009ж. өндіру басқармасының бастығы
Д. Тілеуов " " 2009ж.
А. Ғабдуллин

"Қазақстан теміржолы Ұлттық "ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру"
Компаниясы" акционерлік қоғамы акционерлік қоғамының
Құлсары жол дистанциясы филиалының "Жылыоймұнайгаз" мұнай газ

"ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының "Қазақтелеком" акционерлік
"Құлсары мұнай құбырлары" қоғамының Жылыой аудандық
басқармасының бастығы телекоммуникация торабының бастығы "_____"
_____2009ж. "_____"_____2009ж.
_____А. Бешімов _____Е. Даулетбаев
Жылыой аудандық әкімінің
2009 жылғы 25 қарашадағы

Тілеуов Дастан Құбашұлы - Атырау облысы Жылыой ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, аудандық әскери есепкетіркеу комиссиясының төрағасы (к е л і с і м б о й ы н ш а) ;

Таласбаева Қалау Қажымқызы - Жылыой аудандық емхананың мейірбикесі,
к о м и с с и я х а т ш ы с ы ;

Минтаев Азат Спатайұлы - Атырау облысының ішкі істер департаменті Жылыой ауданының ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Тасымбаева Баян Тасымбайқызы - Жылыой аудандық емханасының жасөспірімдер дәрігері (келісім бойынша)

Жылыой аудандық әкімінің

2009 жылғы 25 қарашадағы

№ 19 шешіміне 2-қосымша

**Әскери есепке тіркеу шарасына бөлінетін техникалық қызметкерлердің
КЕСТЕСІ**

Р \с	Мекемелердің аты	Техникалық қызметкерлерінің саны	Бөлінетін уақыты
1	Жылыой ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	10	қаңтар - 31 наурыз 2010 жыл

2	"КазТрансОйл" акционерлік қоғамының "Құлсары мұнайқұбырлары" басқармасы (келісім бойынша)	1	қаңтар - 31 наурыз 2010 жыл
3	"Қазақстан Теміржолы Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының "Құлсары жол дистанциясы" филиалы (келісім бойынша)	1	қаңтар - 31 наурыз 2010 жыл
4	"ҚазМұнайГазБарлауӨндіру" акционерлік қоғамының "ЖылыойМұнайГаз" мұнайгаз өндіру басқармасы (келісім бойынша)	1	қаңтар - 31 наурыз 2010 жыл
5	"Қазақтелеком" акционерлік қоғамының Жылыой аудандық телекоммуникация торабы (келісім бойынша)	1	қаңтар - 31 наурыз 2010 жыл

Қазақстан Республикасы "Әскери міндеттілік және әскери қызмет" туралы Заңының 44-бабының 2-тармағына сәйкес техникалық қызметкерлерді Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде өз міндеттерін атқарған уақытында, олардың жұмыс орны мен орташа айлық жалақысы сақталады.